



Қазақстан Республикасының Біртұтас авиациялық іздеу-құтқару қызметі (БАІҚҚ)) туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 19996 жылғы 4 қаңтардағы N 13 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 қарашадағы
№ 1296 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.11.04 N 1296 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Апатқа ұшыраған немесе ұшыраудағы әуе кемелерінің құрамдары мен жолаушыларын іздеу мен құтқаруды ұйымдастыру және жүзеге асыру, халықаралық конвенциялар мен шарттар бойынша өз міндеттемелерін толық көлемде орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы министрліктерінің, ведомстволары мен авиакомпанияларының әуе кемелері бар іздеу-құтқару қызметтерінің негізінде Қазақстан Республикасының Біртұтас авиациялық іздеу-құтқару қызметі (БАІҚҚ)
) **қ ұ р ы л с ы н .**

2. Қазақстан Республикасының Біртұтас авиациялық іздеу-құтқару қызметі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

3. Іздеу-құтқару шараларын ұйымдастыру мен жүргізу, Қазақстан Республикасының Біртұтас авиациялық іздеу-құтқару қызметінің жұмысын дамыту мен үйлестіру жөнінде жедел басшылық жасау үшін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің жанында әуе кемелері бар министрліктердің, ведомстволардың және авиакомпаниялардың өкілдерінен Авиациялық іздеу мен құтқару жөнінде үйлестіру кеңесі құрылсын.

4. Қазақстан Республикасының Әскери-әуе күштерінің қолбасшысы Үйлестіру кеңесінің төрағасы болып тағайындалсын.

5. Үйлестіру кеңесінің төрағасы мүдделі министрліктердің, ведомстволардың және авиакомпаниялардың келісімімен бір ай мерзім ішінде Үйлестіру кеңесінің құрамын анықтасын және Үкіметтің бекітуіне ұсынсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының Біртұтас авиациялық
іздеу-құтқару қызметі (БАІҚҚ) туралы**

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Біртұтас авиациялық іздеу-құтқару қызметі (БАІҚҚ) - бұл иелігінде әуе кемелері бар министрліктердің, ведомстволардың және авиакомпаниялардың іздеу және құтқару авиациялық қызметтері, апаттық-құтқарушылық және парашюттық-десанттық қызметтері.

2. Қазақстан Республикасының БАІҚҚ апатқа ұшыраған немесе ұшыраушы әуе кемелерінің экипаждары мен жолаушыларын іздеу және құтқаруды, қонғаннан кейін ғарыш объектілерінің түсіретін аппараттары мен ғарышкерлерді іздеу мен эвакуациялауды, теңіз айлақтары мен су айдындарындағы кемелер мен корабльдердің жеке құрамдарын және экипаж мүшелері мен жолаушыларға апат жағдайларында көмек көрсетуді ұйымдастыру мен жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің тапсырмасы бойынша апаттар мен ауыр апаттар, дүлей және экологиялық апаттар кезіндегі жұмыстарды орындау үшін құрылады.

Оның қызметіне жалпы басшылық жасау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Авиациялық іздеу мен құтқару жөніндегі үйлестіру кеңесіне (бұдан әрі - Үйлестіру кеңесі) жүктеледі.

II. БАІҚҚ басқару органы -Үйлестіру кеңесі

3. Үйлестіру кеңесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы мен әуе кемелерін пайдаланатын және іздеу-құтқару күштері мен құралдары бар министрліктердің, ведомстволардың және авиакомпаниялардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыштық агенттігінің өкілдерінен құралады.

4. Үйлестіру кеңесінің құрамына мыналар кіреді:

Үйлестіру кеңесінің төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшысы мен мүшелері.

Үйлестіру кеңесінің дербес құрамын мүдделі министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және авиакомпаниялардың бірінші басшыларының келісімімен оның төрағасы анықтайды және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қазақстан Республикасы Әскери-әуе күштерінің (ӨӘК) қолбасшысы Үйлестіру кеңесінің Төрағасы болып тағайындалады.

5. Үйлестіру кеңесіне мыналар жүктеледі:

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, авиакомпаниялардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери түрлері мен тектерінің Авиация мен ғарыш объектілерінің ұшуларында іздеу-құтқаруды қамтамасыз ету жөніндегі (ҮІҚҚ) қызметін үйлестіру, осы жұмыстың жай-күйін бақылау және бұдан әрі оны жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау;

Қазақстан Республикасы экономикасының әртүрлі салаларындағы апаттан құтқару қызметтері мен өзара іс-қимылды ұйымдастыру;

бірлескен іздеу-құтқару және іздеу-эвакуациялау жұмыстарын жүргізуде шетел мемлекеттерінің апаттан құтқару қызметтерімен келісімдерді және ш а р т т а р д ы ә з і р л е у ;

іздеу, құтқару және эвакуациялаудың және техникалық құралдарын пайдалануға енгізу мен әзірлеу, тапсырысқа беру кезінде бірыңғай техникалық саясатты жүргізу, сондай-ақ іздеу-құтқару техникасы мен жабдықтарының жаңа үлгілерін сынақтан өткізуге қатысу;

Қазақстан Республикасы министрлігінің, ведомстволарының және авиакомпанияларының авиациялық іздеу-құтқару қызметтері үшін ұйымдастырушылық және әдістемелік мәселелер бойынша ұсыныстар мен ұ с ы н ы м д а р ә з і р л е у ;

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және авиакомпаниялардың әуе кемелерінің ұшуларындағы іздеу-құтқаруды қамтамасыз етудің жай-күйін бақылау, оны жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау;

Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) және Халықаралық теңіз ұйымының (ИМО) ережелері мен ұсынымдарын ескере отырып, әуе кемелерінің ұшуларындағы іздеу-құтқаруды қамтамасыз ету жөнінде халықаралық келісімдердің жобасын әзірлеу;

іздеу-құтқару ұшақтары мен тікұшақтарының экипаждарын, парашюттық-десанттық құтқару топтарын (ПДҚТ), жердегі іздеу-құтқару командаларын (ЖІҚҚ), апатқа ұшыраған әуе кемелерінің экипаждары мен жолаушыларын іздеу әдістері мен көмек көрсету жөнінде апаттан құтқару командаларын (АҚҚ) арнайы дайындықтан өткізуге бақылау.

6. Үйлестіру кеңесіне мынадай құқықтар беріледі:

сараптамалар жүргізу және кеңес алу үшін тиісті министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен авиакомпаниялар арқылы білікті мамандарды тарту;

БАІҚҚ мүддесі үшін зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы ұсыныстар енгізу;

Қазақстан Республикасының авиациясы ұшуларының іздеу-құтқарылуын қамтамасыз етуді жетілдіру жөнінде ұсыныстарды қарау;

Үйлестіру кеңесі қабылдаған шешімдердің орындалуына бақылауды жүзеге а с ы р у ;

министрліктерде, мемлекеттік комитеттерде, авиакомпанияларда және әскерлерде ұшулардың іздеу-құтқаруын қамтамасыз етудің жай-күйін тексеру; ұшулардың іздеу-құтқаруын қамтамасыз етудегі анықталған тәртіп бұзушылық пен кепілдіктерді жою жөнінде орындалуы міндетті нұсқаулар беру; іздеу-құтқаруға қатысты қамтамасыз етілмеген авиациялық бөлімшелер мен әуе кемелерінің ұшуларына тыйым салу.

7. Үйлестіру кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, авиация қызметі мен ұшулардағы іздеу-құтқаруын қамтамасыз етуді реттейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік актілерін және халықаралық Азаматтық авиация туралы конвенцияның стандарттары мен ұсынымдарын, іздеу мен құтқару саласындағы қатысушы осы Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық және мемлекетаралық келісімдерді және осы Ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

8. Үйлестіру кеңесінің мәжілісі кемінде 6 айда 1 рет өткізіледі. Үйлестіру кеңесінің шешімі ашық дауыс беру жолымен қабылданады және өз қарамағында әуе кемелері бар және оны пайдаланатын барлық министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және авиакомпаниялардың орындауы үшін міндетті б о л ы п т а б ы л а д ы .

III. БАІҚҚ мақсаттары мен міндеттері

9. Қазақстан Республикасының БАІҚҚ мыналар жүктеледі: Қазақстан Республикасының аумағында апатқа ұшыраған (ұшыраушы) әуе кемелерінің мемлекеттік қатыстылығына қарамастан экипаждары мен жолаушыларын, сондай-ақ теңіз айлақтары мен ішкі су айдындарында апатқа ұшыраған кемелерді іздеу мен құтқаруды ұйымдастыру, жүзеге асыру; ғарышкерлерді және ғарыш объектілерінің түсіретін аппараттарын іздеу мен эвакуациялауды ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ шартпен анықталған ғарыш объектісінің орнынан ғылыми аппаратураны әуежайға жеткізу; іздеу және құтқару халықаралық жасанды жер серігінің жүйесі (КОСПАС-САРСАТ) арқылы алынған апат белгілері туралы хабарды командалық пункттерге, жауапты аудандардағы басқару пункттеріне жеткізу; соғыс іс-қимылдарының барысында апатқа ұшыраған әуе кемелерінің экипаждарын іздеу мен құтқаруды ұйымдастыру; апатқа ұшыраған әуе кемелерінің экипаждары мен жолаушыларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында ғарыш объектісінің түсіретін аппараты қонғаннан кейін ғарышкерлерге алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуді ұ й ы м д а с т ы р у ; жерге (суға) түскеннен кейінгі ұшу құрамдарының іс-қимылдарын және

оларды жеке өмір сүру жағдайында тіршілік етуге дайындау; теңіз айлақтары мен ішкі су жолдарындағы апат жағдайларында кемелердің экипаждары мен жолаушыларына және корабльдердің жеке құрамына көмек көрсету жөніндегі жұмыстарға авиациялық құралдарды пайдаланып қатысу.

10. БАІҚҚ Қазақстан Республикасының аумағындағы табиғи және экологиялық апаттар кезінде апаттан құтқару жұмыстарына авиациялық құралдарды тартып қатысады.

IV. Іздеу мен құтқаруды ұйымдастыру

11. Іздеу-құтқару жұмыстарына мыналар енеді: кезекті іздеу-құтқару күштері мен құралдарының ұшуын (шығуын) ұйымдастыру;

апатқа ұшыраған әуе кемелерінің экипаждары мен жолаушыларын іздеу; іздеу-құтқару күштері мен құралдарын басқару, олардың өзара іс-қимылдары мен күшейтілуін ұйымдастыру;

апатқа ұшыраған әуе кемелерінің экипаждары мен жолаушыларына және корабльдердің жеке құрамына көмек көрсету.

12. Қазақстан Республикасының аумағында апатқа ұшыраған әуе кемелерінің экипаждары мен жолаушыларын құтқару жөніндегі барлық жұмыстарды ұйымдастыруға жауапкершілік Қазақстан Республикасы Әскери-әуе күштерінің қолбасшысы - Үйлестіру кеңесінің төрағасына жүктеледі.

13. Апатқа ұшыраған әуе кемелерінің экипаждары мен жолаушыларын іздеу мен құтқару бойынша жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі басшылықты Үйлестіру кеңесінің төрағасы Авиация мен ғарыш объектілерінің ұшуларындағы іздеу-құтқаруды қамтамасыз ету жөнінде жедел топты пайдалану арқылы жүзеге асырады.

14. Қазақстан Республикасының барлық министрліктерінің, мемлекеттік комитетінің Қарулы күштер түрлерінің әуе кемелеріндегі ұшуларда іздеу-құтқаруды тікелей ұйымдастыру ұшуларды ұйымдастыратын тиісті командирлер мен басшылар жүзеге асырады.

15. Іздеу-құтқару жұмыстарын (ІҚЖ) дербес немесе әуе алаңдарындағы, әуежайлардағы және авиациялық полигондардағы авиакұралдарды пайдаланып жүргізу үшін штаттық және штаттан тыс жерде іздеу-құтқару командалары құрылады.

16. Жергілікті атқарушы органдар, әскери комиссариаттар, кәсіпорындар мен ұйымдар Қазақстан Республикасының БАІҚҚ өкілетті тұлғалары сұрау салған кезде іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізуге көмек көрсету үшін қажетті күштер мен құралдарды бөледі.

17. Ғарышкерлер мен ғарыш объектілерінің түсіретін аппараттарын іздеу мен эвакуациялау мемлекетаралық келісімдердің және шарттардың негізінде жүзеге

асырылады, мұндай жағдайда іздеу-эвакуациялау жұмыстарын (ІЭЖ) ұйымдастыру тәртібін Қазақстан Республикасы Ұлттық аэроғарыштық агенттігінің келісімімен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі а й қ ы н д а й д ы .

18. Қазақстан Республикасының аумағында әуе кемелерінің ұшуларындағы іздеу-құтқаруды қамтамасыз ету үшін жауаптылық аудандары белгіленеді. Аудандардың шекарасы Үйлестіру кеңесінің төрағасы бекітетін Қазақстан Республикасының аумағындағы ұшуларды іздеу-құтқаруды қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта белгіленеді.

19. Қазақстан Республикасының аумағында апатқа ұшыраған әуе кемелерінің экипаждары мен жолаушыларын іздеу және құтқаруды қамтамасыз ету үшін кезекшілік ұйымдастырылады:

белгіленген жауаптылық аудандарында авиациялық бөлімдермен, бөлімшелермен, авиакомпаниялармен және министрліктер мен мемлекеттік комитеттер кәсіпорындарынан бөлінген ұшақтардың, тікұшақтардың және ЖІҚҚ, А Қ Қ ;

Қазақстан Республикасының ЭҚҚ командалық пунктінде (КП) авиация ұшуларын іздеу-құтқаруды қамтамасыз ету жөніндегі оперативтік топтың және ЭҚҚ КП бөлімдері мен бөлімшелері расчеттарының, Әуеге қарсы қорғаныс (ӘҚҚ), Қазақстан Республикасы шекара әскерлерінің (ШӘ).

20. Әуе кемелерінің ұшуларындағы іздеу-құтқаруды қамтамасыз ету бойынша кезекшілік үшін іздеу аппаратураларымен жабдықталған әуе кемелері тартылады . Іздеуге ұшып шығу кезінде оларда жабдықтар мен мүліктер (жоғарыда аталған Нұсқаулыққа сәйкес), сондай-ақ 2-3 құтқарушы, соның ішінде дәрігер болуы тиіс .

21. Іздеу-құтқару жұмыстарын (ІҚЖ) орындау кезінде АҚК және ЖІҚҚ авиациялық құралдары, сондай-ақ министрліктерден, ведомстволардан және ҚК түрлерінен қосымша бөлінген күштер оперативтілігі жағынан ІҚЖ басшысына б а ғ ы н а д ы .

Қажетті күштер мен құралдарды бөлу мүдделі министрліктердің, ведомстволардың және авиакомпаниялардың келісімімен жүргізіледі.

22. Апат белгісін алған кезде кезекші авиациялық құралдардың әуеге ұшу, сондай-ақ олардың әзірлеген тексеру құқығы мыналарға беріледі: авиациялық бөлімдердің командирлеріне, КП оперативті кезекшілеріне, (ОӨДҚ) орталық өндірістік диспетчерлік қызметтің кезекшілеріне, авиакөлік кәсіпорындары мен авиакомпаниялардың басшыларына, ал ұшуларды жүргізу кезінде - осы күштер қарамағындағы ұшу басшыларына; өздерінің жауапкершілік аудандарында ІҚЖ тікелей басшылық ету үшін тағайындалған командирлерге, бастықтарға;

ҚК түрлерінің командалық пункттеріне, министрліктер мен ведомстволардың (жергілікті басқару органдары арқылы) орталық және аймақтық басқару органдарына .

V. Өзара іс-қимылды ұйымдастыру

23. Теңізде және ішкі су айдындарында апатқа ұшыраған теңіз кемелерінің, әуе кемелерінің экипаждары мен жолаушыларын іздеу және құтқару Үйлестіру кеңесінің төрағасы бекітетін Қазақстан Республикасы құтқару қызметтерінің, бөлімшелердің, министрліктер және мемлекеттік комитеттердің күштері мен құралдарының өзара іс-қимылдары жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады .

24. Табиғи және экологиялық апаттар кезінде авиациялық құралдармен көмек көрсету жөніндегі жұмыстар авиациялық құралдардың тактикалық-техникалық ерекшеліктері ескеріліп, мүдделі министрліктердің және ведомстволардың келісімімен БАІҚҚ орындалады .

VI. Апатқа ұшыраған немесе ұшыраушы әуе кемелері туралы хабарлауды ұйымдастыру

25. Әуе кемелерінде апат жағдайы туындаған кезде басқару арналары бойынша, сондай-ақ халықаралық байланыс регламентімен белгіленген апаттық жиіліктер бойынша апат белгілері беріледі. Барлық министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің апатқа ұшыраған теңіз кемелері УҚТ жиіліктерімен апат белгілерін береді .

26. Апатқа ұшыраған әуе кемелерінен берілетін апат белгілерін уақтылы қабылдау және ұстау үшін кезекшілік белгіленеді:

тәулік бойы арнайы бөлінген қабылдау жиіліктеріндегі ВВС жүйесінің радиопеленгаторлық ҚТ және апат туралы белгі алынғаннан кейін апаттық жиіліктерде ;

Қазақстан Республикасының ВВС, ПВО ПВ жұмыс істеп тұрған әуежайларында, тәулік бойы азаматтық авиация әуежайындағы УҚТ пеленгаторларында ;

әскери қызмет аудандарында орналасқан құтқару кемелерінде, тәулік бойы ОТ және ҚТ диапазондарының апаттық жиіліктерінде және ұшуларды жоспарлайтын ұйымдардың тапсырысы бойынша УҚТ жиіліктерінде.

VII. БАІҚҚ материалдық-техникалық қамтамасыз ету

27. Іздеу және құтқару авиациялық қызметтерін ұстау және дамыту, талдамалар мен жаңа іздеу құралдарын енгізуді қаржыландыру - қарамағында әуе кемелері бар тиісті министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және авиакомпаниялардың қаржы есебінен жүргізіледі.

28. Әуе кемелерінің барлық түрлерін апаттан құтқару мүліктерімен, жабдықтарымен, жарақтармен, іздеу ұшақтары мен тік-ұшақтарды іздеу аппараттарымен жабдықтау, сондай-ақ іздеу экипаждарын дайындауды қарамағында немесе меншігінде әуе кемелері бар министрліктер, мемлекеттік комитеттер және ұйымдар жүзеге асырады.

29. Апатқа ұшыраған, сондай-ақ табиғи және экологиялық апаттар кезінде әуе кемелерінің экипаждары мен жолаушыларын іздеу және құтқару жөнінде жұмыстарды Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің қаржы есебінен министрліктер және мемлекеттік комитеттер орындайды.

30. Іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізу кезеңінде министрліктер, ведомстволар және авиакомпаниялар өзара келісіп республикалық бюджеттің есебінен іздеу-құтқару күштері пайдаланатын әуежайларда ұшулары мен оларға бірінші кезекте қызмет көрсетуді, қажетті байланыс құралдары мен радиотехникалық жабдықтар беруді, сондай-ақ жеке құрамда орналастыру мен азық беруді қамтамасыз етеді.

31. Іздеу-құтқару жұмыстарын жүргізу кезеңінде Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі БАІҚҚ тапсырысы бойынша (Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі байланыс әскерінің бастығы арқылы), келісілген тізім бойынша уақытша жалдауға телефон арналарын және әуежайлары мен елді мекен пункттеріндегі радиостанцияларын береді, БАІҚҚ мамандарының іздеу-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру үшін жол жүрген кезінде олардың кезексіз тасымалдануын қамтамасыз етеді.

32. Әуе кемелерінің жолаушыларын, экипаж мүшелерін және олардың мүліктерін еріксіз қонған (құлаған) жерінен эвакуациялау - олар қарайтын министрліктер, мемлекеттік комитеттер, авиакомпанияларының күштерімен және құралдарымен жүзеге асырылады.

33. Теңіз айлақтарында және ішкі су айдындарында апатқа ұшыраған әуе кемелерінің экипаждарын іздеу мен құтқаруды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы БАІҚҚ тапсырысы бойынша кемелерді және басқа жүзу құралдарын бөледі.

34. Іздеу-құтқару жұмыстары мен оқиға болған жерді қоршау үшін қажетті, жердегі және жүзу көлік құралдарын, әскери бөлімдердің жеке құрамдарын мүдделі министрліктер, мемлекеттік комитеттер және авиакомпаниялармен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі бөледі.

35. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс авиация ұшуларының іздеу-құтқарумен қамтамасыз етілуі қатысушысы Қазақстан Республикасы болып табылатын тиісті халықаралық және мемлекетаралық келісімдердің негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағындағы шетел мемлекеттерінің әуе кемелерінің іздеу-құтқарумен қамтамасыз етілуі Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға сәйкес, Қазақстан Республикасының әуе кемелерімен тең негізде жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК